Зорлық -зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса педагог-психологтарға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы түсіндіру. Зорлық -зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Оқушыларымызды жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстатып, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.

Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ науқанының жұмыс жоспары бойынша мектепшілік өзін-өзі басқару ұйымына мәліметтер айтылды

https://www.instagram.com/p/CzktlPbNYS_/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ науқанының жұмыс жоспары бойынша "Балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа жоқ дейміз" тақырыбында оқушылар сурет салды.

<https://www.instagram.com/reel/CztCp8rNrqa/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ науқанының жұмыс жоспары бойынша "Бала құқығы-асыл қазына" тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру. Өткізген: құқық пәнінің мұғалімі Канафина Г.Ж.

https://www.instagram.com/p/CzvN_F9tGG7/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша психологиялық дөңгелек үстел өтті.

<https://www.instagram.com/p/Cz28B9lts0w/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

«Зорлық-зомбылықсыз әлемді қалай құруға болады?» тақырыбында оқушылар эссе жазды

<https://www.instagram.com/p/Cz5UeFVtS1t/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

Бүгін 5 және 10 сынып президенттерінің арасында «Өз құқығынды қаншалықты білесін» тақырыбы бойынша сауалнама өтті.

Зорлық-зомбылық және қатыгездік мәселелерін анықтау барысында

«Зорлық-зомбылықсыз әлем» тақырыбында пәкәр сайыс өтілді.

Мектептегі балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша ата аналармен жұмыс.

Мақсаты:

Зорлық -зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса педагог-психологтарға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы түсіндіру. Зорлық -зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Оқушыларымызды жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстатып, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау

2-14 жас аралығындағы әрбір екінші бала отбасында зорлықпен тәртіпке салу шараларына душар болады. Мектеп оқушыларының үштен екісі басқа оқушылар немесе мұғалімдер тарапынан зорлық-зомбылық көрсетуге немесе кемсітуге шалдыққан немесе соның куәсі болған. Зорлық-зомбылыққа қорқытуды, психологиялық қысым көрсетуді немесе тіл тигізуді жатқызу таңсық жайт.

Отбасындағы ата-ананың мінез құлқы – баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысаны.

Нашақорлық, темекіге, ішімдікке үйірлік бұзықтық жолға түсіп зорлық-зомбылық жасауға мүмкіндік туғызады, еңбек етуге, қоғамға, денсаулыққа, ұрпаққа, отбасына зиянын тигізеді. Салауатты өмір сүрудің бір негізгі күрделі мәселесі – жаман қылықтардан, яғни зорлық-зомбылықтан аулақ болу. Ішімдікке үйір адам есінен айырылып, қасындағы адамдарға зиянын тигізеді, отбасына ойран салады, отбасы мүшелеріне оғаш қылықтар көрсетіп мазасын алады. Бұл баланың психологиясына кері әсерін тигізеді. Бала өзіне керекті рухани дүниенің барлығын қоршаған ортадан алады. Зорлық-зомбылық тәрбиесіздіктен де туындайды. «Тәрбиесіздік – ол адамзаттың қас жауы, тәрбиесіз берілген білім келешекте адам өміріне апат

әкеледі» деген болатын ұлы бабамыз Әбунасыр әл Фараби. Жүсіпбек Аймауытов 1918 жылы өзінің «Абай» журналына жариялаған «Тәрбие» атты мақаласында былай деген: «Тәрбие әсер беретін нәрсе - өскен орта, ата-ананың тәрбиесі» «Сүтпен кірген сүйекпен кетеді», бала жасында қандай тәрбие алса, ержеткенде сол әдет қалмайды деген сөз. Ұлтымыздың қанындағы ізеттілік дәрежелікке, қайырымдылық қатыгездікке, жомарттық тоғышарлыққа, адалдық арамдыққа, парасаттылық парасыздыққа ауыспасын деген үлкен үміт тұр.

Отбасындағы тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған заңды нормалар жетілдірілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобаларының жұмыстарын іске асыру жоспарының 29 пунктіне сәйкес 2004 жылдың 13-желтоқсанында Қазақстан Республикасы Премьер министрінің тағайындауымен «Тұрмыстық зомбылыққа қарсы әрекет ету туралы» заң жобасы әзірленді.

Ата — ана үшін ескертулер әркез жасалып отырады:

Өз балаларыңызбен сенімділік қатынасын сақтаңыз.

Отбасында бала кез келген мәселелерді, оның ересектермен қатынастарын қоса, талқылай алатындай арақатынастар жасау керек.

Балалар өз өмірлерінің құбылыстары немесе достары туралы айтып жатқанда, оларды мұқият тыңдаңыз.

Баланы жан қобалжуларымен бөлісуге ынталандырыңыз, бұл апаттан сақтаудың маңызды шарттардың бірі.

Сіз балаңыздың басқа балалармен немесе ересектермен қатынастарын білуіңіз керексіз. Бір — бірінізден еш нәрсе жасырмаңыз, себебі, балалар қатерлі жаңғадайларды жиі жасырады.

Шынына келсек, бала өмірі-қобалжулар тізбесі. Бала бәріне тәуелді, ешнәрсеге құқығы жоқ, ересектер оны адамға санамайды. Ата ананың есіне отбасының көңіл-күйі мен баланың сыртқы және ішкі жәбірлеуден дайындыққа әзірлігінің дәрежесі арасында тікелей тәуелділік бар екенін естеріне түсіремін. Отбасындағы ата-ананың және мектептегі ұлағатты ұстаздың мінез құлқы — баланың көз алдындағы үлгісі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысаны болып табылады. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, баланы бірлесе отырып тәрбиелейік дей келе, жиналысты ата-ана үшін ескертуді таратумен және баяндамамызды аяқтаймын.

Науқан аясында сынып сағаттар өтілді. Сынып сағатының мақсаты: оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу.

«Бала дегеніміз - болашақ» деген екен француз жазушысы Гюго Виктор Мари. Бала періште дейді. Олардың пейілі, ниеттері қандай тұйық болса, көңілдері сондай мөлдір! «Адамның бір қызығы бала деген» - деп Абай атамыз

айытқандай, мынау тіршілікте адам баласының алтынға айырбастап ала алмайтын аяулы сәттері көп-ақ. Халқымыз желкіндеп өсіп келе жатқан қыз баланы елдің көркі санаса, ал ер баланы елдің қорғаны санаған. Балалық шақ адам өміріндегі ұмытылмайтын қызықты да бақытты кезең. Сондықтанда әр бір қараша үйдің түтінін түтеткен ата-ана көзінің ағы мен қарасындай перзентінің өмірдегі осынау сәттерді мүмкіндігінше есте қаларлықтай етіп өткізуді ойластырады.

2022-2023 оқу жылындағы әлеуметтік құжаттар

№	Әлеуметтік санаттар	саны	Пайыз
	Барлық оқушылар	265	100 %
	Отбасы	142	100 %
Отбасы түрі бойынша:			
1	Толық отбасылар	125	88,02 %
2	Толық емес отбасылар	12	9,15 %
3	Анасы жоқ балалар	0	0
4	Әкесі жоқ балалар	24	9,05 %
5	Көп балалы отбасы	51	35,9 %
6	Аз қамтамасыз етілген отбасы	5	3,5 %
7	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	1	0,37 %
8	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	1	0,37 %
9	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0	0
10	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0	0
11	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	0	0
12	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	0	0
Ата-аналарының білімі:			
1	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	75	15,2 %
2	Техникалық және кәсіптік	165	33,4 %
3	Орта	253	51,31 %

2023-2024 оқу жылындағы әлеуметтік құжаттар

№	Әлеуметтік санаттар	саны	Пайыз
	Барлық оқушылар	244	100 %
	Отбасы	124	100 %
Отбасы түрі бойынша:			
1	Толық отбасылар	106	85,48 %

2	Толық емес отбасылар	14	11 %
3	Анасы жоқ балалар	0	0
4	Әкесі жоқ балалар	27	11 %
5	Көп балалы отбасы	42	33%
6	Аз қамтамасыз етілген отбасы	7	5,64 %
7	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	1	0,40 %
8	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	1	0,40 %
9	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0	0
10	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0	0
11	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	0	0
12	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	0	0
Ата-аналарының білімі:			
1	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	76	16,48%
2	Техникалық және кәсіптік	140	30 %
3	Орта	160	53,14 %

2024-2025 оқу жылындағы әлеуметтік құжаттар

№	Әлеуметтік санаттар	саны	Пайыз
	Барлық оқушылар	220	100 %
	Отбасы	115	100 %
Отбасы түрі бойынша:			
1	Толық отбасылар	101	87,82 %
2	Толық емес отбасылар	13	11,3 %
3	Анасы жоқ балалар	0	0
4	Әкесі жоқ балалар	23	10,45 %
5	Көп балалы отбасы	44	38,26 %
6	Аз қамтамасыз етілген отбасы	8	6,95 %
7	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	1	0,45 %
8	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	1	0,45 %
9	Азаматтығы жоқ білім алушылар	2	0,90 %
10	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0	0

11	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	0	0
12	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	0	0
Ата-аналарының білімі:			
1	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	80	19,2 %
2	Техникалық және кәсіптік	140	33,6 %
3	Орта	196	47,11%

Әлеуметтік педагог жұмысының негізгі мақсаттары мен міндеттері: Әлеуметтік педагог отбасы мен балаларға әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсетеді баланың жан-жақты психологиялық дамуына жағдай жасау арқылы, тәрбиеге теріс көзқарасты жою, позитивті қалыптастыру салауатты өмір салтымен қарым-қатынас, тұлғаның дамуының бұзылу себептерін анықтау алдын алу іс-шараларын жүргізу.

Мектеп психологының жүргізілген іс шаралары

Мақсаты: Мектепте қолайлы психологиялық климат құру және оқу процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету арқылы оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға ықпал ету.

Міндет:

- Өмірге икемді, алдағы атқаратын істерді толық сезе білетін, өмірде көзқарасы қажетті дәрежеде таныта алатын тұлғаны тәрбиелеу;
 - Ұжымда жағымды психологиялық хал-ахуалдың болуына әсер ету, жекеленген ауытқушылықтардың алдын алу;
 - Оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеу, өз бетімен білім-біліктілікті дамыту қабілеттерін қалыптастыру;
 - Оқудың әртүрлі кезеңдерінде оқушылардың психологиялық дамуын зерттеу;
- Мұғалімдер мен оқушылардың, ата-аналардың қарым-қатынасын реттеу. мақсатты түрде жоспарға сай және жоспардан тыс жұмыстар жүргізілді. Мектептің психологиялық қызметі әр оқу жылына жоспарланған тиісті психологиялық іс –шараларды жүзеге асырады. Психологиялық қызмет негізгі бағытта жұмыс атқарады.

1. Психодиагностикалық (диагностикалық жұмыстар , сауалнамалар, мен әдістемелер)
2. Психоконсультация (психологиялық кеңес)
3. Психопрофилактика (психологиялық алдын алу және ағарту жұмыстары)
4. Психокоррекциялық (түзету –дамыту жұмыстары)
5. консультативтік қызмет.

Жаңа оқу жылы басталғаннан бері жылдық жоспар бойынша жұмыстары жоспарланып атқарылды, жоспарға сай және жоспардан тыс жұмыстар жүргізілді. Мектептің психологиялық қызметі әр оқу жылына жоспарланған тиісті психологиялық іс –шараларды жүзеге асырады.

2024-2025 оқу жылы

Мектеп бойынша барлық оқушы саны: 220

Ұлдар: 110

Қыздар: 110

«Тәуекел топтағы» оқушы: 0

1 Сынып оқушыларының қатысушылар саны:

	2022-2023	2023-2024	2024-2025
1 Сынып оқушылар саны	1 «а» 23 қатысушылар 1 «б» -4	1 «а» 20 қатысушылар 1 «б» -3	1 «а» 16 қатысушы

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі бойынша жұмыс

1-сынып оқушыларының психологиялық даму деңгейлерін, мектепке даярлығын анықтауға арналған зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты: Баланың мектепке дайындығын, танымдық қабілеттерін, яғни есте сақтауын, ойлауын және зейінінің даму барысын айқындау.

Мектепке дайындығын зерттеудің қортындысы

Мақсаты: 1 сынып оқушыларының мектепке оқу қабілетін анықтау

Тақырыбы: «Балалардың логикалық ойлауын дамытуға» арналған карталар жұмысы.

Тақырыбы: « Баланың ақыл –ойының даму деңгейін, оқуға дайындығын анықтау.

Тақырыбы: «1 сынып оқушыларының мектепке оқу қабілетін анықтау»

Тақырыбы: Баспалдақ әдісдемесі

тақырыбы: Керн- Йирасиктың тесті.

Мақсаты: психикалық дамудың жалпы деңгейін, ойлау дамудың деңгейін, тыңдау қабілетін, үлгі бойынша тапсырмаларды жасауды, еркін психикалық қызметін айқындайды.

Атап айтқанда, 1а, 1б сынып оқушыларының мектепке дайындығын тексеру мақсатында қыркүйек, қазан айларында диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Диагностика жұмыстары мектепте балаларды жеке тұлғалық оқытуға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдің ерекшелігі:

Баланың психологиялық қорғану сезімін, қуанышты сезіну мен оның дара дамуын қамтамасыз ету;

Баланың денсаулығына кері әсер ететін факторлардың алдын-алу;

Баланың мектепке жылдам қалыптасуын қамтамасыз ету,

Баланың жеке сапалық қасиеттерінің белсенді даму деңгейін анықтау.

Осы ерекшеліктердің орындалуы мақсатында баланың жеке даму деңгейін, оқуға психологиялық дайындығын анықтайтын мынадай әдістемелер алынды:

Баланың ерік саласының даму деңгейін анықтау. «Графикалық диктант» әдісдемесі (Д.Б.Эльконин);

Логикалық ойлауын зерттеу. «Не артық?» әдісдемесі;

Баланың қабылдау деңгейін анықтау. «Не жетпейді?» әдісдемесі;

Мектеп мотивациясын анықтау үшін М.Р.Гинзбургтың «Оқу түрткісін зерттеу» әдәстемесі.


Осындай жағдайларды ескере отырып, 1-сынып оқушыларының психологиялық даму деңгейлерін анықтауға арналған зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Керн-Йерасек тест жинағы 3 тапсырмадан тұрады.

1 тапсырмада «Графикалық дағды» бұл тапсырмада оқушының қол маторикасының дұрыс қалыптасуын бақылау мақсатында алынады, 2 тапсырмада «Есеп және назар аудару» баланың зейінінің тұрақтылығын анықтау үшін, нүктелерді санап және ретімен тапсырылды, 3 тапсырма «Бейнені елестету» оқушының сурет салу дағдысын және ойлау қабілетін анықтау мақсатында ер адамның бейнесін салу тапсырылды.

3 тапсырма бойынша жиынтық баға шығарылды.

жыл	Зерттеуге қатысқан оқушылар саны	Мектепке дайындық деңгейі			Төмен	Ескерту
		Ортадан жоғары	Орта	Ортадан төмен		
2022-2023	27	13 оқушы - 48%	13 оқушы - 48%	1 оқушы - 4%	1 оқушы ауырған себеп	
2023-2024	23	12 оқушы 52%	8 оқушы - 34%	1 - оқушы - 4%	2 оқушы ауырған себеп	
2024-2025	16	9 оқушы 56%	7 оқушы 44%	0		



№	Эмоциялық жағдайы	1 «а» және «1 б» сынып 2022-2023	1 «а» және «1 б» сынып 2023-2024	1 «а» сынып 2024-2025
1.	Мұғаліммен тілдесуі	өте жақсы- 15оқушы жақсы- 11 оқушы орташа- 1 оқушы	өте жақсы- 13оқушы жақсы- 10 оқушы	Өте жақсы -9 Жақсы-7
2.	Мектепке келуі	Көңілді- 27 оқушы	Көңілді- 23 оқушы	Көңілді- 16 оқушы
3.	Сабақта	өте жақсы- 19 оқушы жақсы-7оқушы орташа- 1 оқушы	өте жақсы- 12 оқушы жақсы-9 оқушы орташа- 1 оқушы	өте жақсы- 7 жақсы-8 оқушы орташа- 1 оқушы
4.	Құрдастарымен қарым-қатынасы	Жақсы- 27 оқушы	Жақсы- 23 оқушы	Жақсы- 16 оқушы
5.	Үйге қайту	Көңілді- 27 оқушы	Көңілді- 23 оқушы	Көңілді- 16 оқушы

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі

Сынып	Жоғары	Орташа	Төмен
1 «а» және «1 б» 2022-2023	15	12	-
1 «а» және «1 б» 2023-2024	12	11	-



Сыныптағы жағдай бірқалыпты. Яғни зерттеу барысында сыныптағы оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсы.

Логикалық ойлау әдістемесі. «Не артық?»

« Не артық?» әдістемесі оқушылардың бейнелік ойлауын, талдау және жалпылау амалдарының орындау үрдісін зерттеу мақсатында алынды.

2022-2023 жыл 1 сыныбы бойынша жоғары деңгейді – 14 оқушы - 51%, орта деңгейді – 13 оқушы – 49%, төмен деңгей көрсеткен оқушы анықталмады. Жалпы сыныптағы оқушылардың бейнелік ойлауын, талдау және жалпылау амалдарының орындау үрдісінің деңгейі осы әдістеменің қорытындысына қарап орта деп айтса болады.

2023-2024 жылы 1 сыныбы жоғары деңгейді – 9 оқушы - 39%, орта деңгейді – 14 оқушы – 61%, көрсетті. Жалпы сыныптағы оқушылардың бейнелік ойлауын, талдау және жалпылау амалдарының орындау үрдісінің деңгейі осы әдістеменің қорытындысына қарап орта деңгейде екенін көруге болады.

Қабылдау деңгейін анықтау. «Не жетпейді?» әдістемесі

Оқушының қабылдау ерекшелігін анықтау мақсатында « Не жетпейді ? » әдістемесі алынды.

2022-2023 жылы 1А ,Б сыныбы бойынша жоғары деңгейді - 14 оқушы – 52%, орта деңгейді – 13 оқушы – 48% көрсетті. Әдістеме нәтиесі бойынша оқушылардың қабылдау ерекшелігі жоғары деңгейде.

2023-2024 жылы 1А ,Б сыныбы бойынша жоғары деңгейді - 8 оқушы – 35%, орта деңгейді – 15 оқушы – 65% көрсетті. Әдістеме нәтиесі бойынша оқушылардың қабылдау ерекшелігі жоғары деңгейде.

«Баспалдақ» әдістемесі

Оқушының өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау мақсатында «Баспалдақ» әдістемесі алынды.

2022-2023 жылы 1А,Б сыныбы бойынша жоғары деңгейді –18 оқушы - 67%, орта деңгейді – 9 оқушы – 33% көрсетті, Әдістеме нәтижесінде 1 сыныптағы оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейі ортадан жоғары деңгейді көрсетті

2023-2024 жылы 1А,Б сыныбы бойынша жоғары деңгейді –9 оқушы - 39%, орта деңгейді – 14 оқушы – 61% көрсетті, Әдістеме нәтижесінде 1 сыныптағы оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейі ортадан жоғары деңгейді көрсетті

Қорытындылай келе, 1 сынып жетекшілері мен ата-аналар бірлесіп, төмен ұпай алған оқушылармен жекелей жұмыстар жүргізу, тілдерін дамыту, ақыл-ой қабілеттерін одан әрі дамытып, логикалық тапсырмалармен көбірек жұмыс жүргізуді күшейту қажеттігі жайлы психологиялық кеңес берілді. Сонымен қатар, оқушылардың зейінін дамыту үшін көптеген көрнекіліктермен сабақтар өткізу олардың қабылдауын және есте сақтауын арттыру туралы сынып жетекшілермен әңгіме, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың мектепке дайындығын анықтау үшін жүргізілген диагностикалық зерттеу жұмысының жалпы қорытынды анықтамасы

Мектеп жарғысындағы оқушының міндеттері мен ережелерін үнемі сақтап отырады. Күн тәртібінің орындалуы, мектеп формасының сақталуы. Сынып құжаттарының толтырылуы қанағаттанарлық.Сынып жетекшілерінің сынып оқушыларымен қарым-қатынасы жақсы деңгейде, оқушылар сабаққа көтеріңкі

көңіл күймен келеді, сынып жетекшілерін ата-аналарынан кейінгі екінші орынға қояды, жақсы көреді. Оқушылармен жеке, топпен, жалпылама жұмыс жасайды.

Ұсыныс:

Бірінші сынып оқушылардың мектеп өміріне бейімделу деңгейін зерттеуді жалғастыру.

Сынып жетекші төменгі деңгейде анықталған оқушылармен қосымша жұмыс жасау..

Сынып жетекшісіне оқушыларға мейірімділік көрсетіп, қатандық танытпай, мадақтау әдістерін тиімді ұстанған жөн;

Зейін үрдісін дамытатын ойын жаттығуларды сабақ үстінде пайдалану;

Сабақта әр балаға жекелей тапсырмалар беріп, өзіндік жұмыстарға тарту;

Сыныптан тыс іс-шараларға белсене қатыстыру, өзіндік ойын қалыптастыру;

Сабақ барысында төмен көрсеткіш көрсеткен оқушылармен қосымша тапсырмалар беру арқылы дамыту жұмыстарын жүргізу;

Сыныпта оқушылармен топтық жаттығуларды, оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыратын ойын – жаттығуларды өткізу.

5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі

5 Сынып оқушыларының зерттеушілер саны:

	2022-2023	2023-2024	2024-2025
1 Сынып оқушылар саны	5 «а» 20 қатысушылар 5 «б» 5	5 «а» 22 қатысушылар 5 «б» 5	5 «а» 28 қатысушылар

5 Сынып оқушыларымен «5-ші сынып дегеніміз не?», «Біздің мұғалімдер» атты тақырыптар да психологиялық тренингтер, өтілді. Онда оқушылар өздерінің жас ерекшеліктеріне қарай нені білу керек екендігін білді. 5-сыныптың бастауыш сыныптан қандай айырмашылықтары бар екендігі туралы ойларын ортаға салды. 5-ші сынып оқушыларының жаңа буынға бейімделулерін, қалыптасу деңгейін анықтап, оқушылардың жаңа буынға тез бейімделіп кетуіне жағдай жасалып, көмек көрсетілді. Оқу мотивация сауалнамасы алынып қорытындысы шығарылды. Социометрия методикасы, «Менің сыныбым» әдістемесі “мектеп мотивациясы!”, “Бесінші сынып дегеніміз», атты тренингтер, салнамалар жүргізілді. Зерттеу қорытындысы бойынша оқушылардың бейімделу деңгейлері, жақсы деңгейді көрсетті.

«Оқу мотивациясы» Лусканова әдістемесі

Мақсаты: оқушылардың мектепке, оқуға деген мотивациясын анықтау

Қорытынды: Жүргізілген зерттеулер оқушының мектепке бейімделуінің үш деңгейін бөліп күрсетеді:

Жоғары деңгей - оқушының мектепке қатынасы оң; берілген талаптарды адекватты қабылдайды; оқу материалдарын оңай меңгереді; мәліметтерді толық игерген; мұғалімнің айтқандарын мұқият тыңдайды; тапсырмаларды сыртқы бақылаусыз-ақ орындайды; үзіндік жұмысқа, барлық пәндерге

қызығушылықпен қарайды; тапсырмаларды мұқият орындайды; сыныпта жоғары мәртебеге ие.

Ортаңғы деңгей - оқушының мектепке қатынасы оң; оқу материалдарын түсінеді; бағдарламаның негізгілерін меңгереді; тапсырмаларды өзбетінше орындайды, тапсырмаларды орындауда мұқият, бірақ бақылауды талап етеді; коррекция сабаққа қызығушылықпен дайындалады: сыныптағы көп оқушылармен достық қарым-қатынас жасайды.

Төменгі деңгей - оқушының мектепке қатынасы теріс; денсаулығының нашарлығына реніш білдіреді; көңіл-күйінің нашарлығын көрсетеді; тәртіп бұзады; оқу материалдарын фрагментарлы меңгереді; өзіндік тапсырмаларға қызығушылық көрсетпейді; коррекция сабақтарға немқұрайлы дайындалады; бақылау мен көмекті үзілісті қажет етеді; пассивті; сыныпта жақын достары жоқ.

Бұл тест бойынша жүргізілген зерттеу нәтижесі балалардың оқу мотивациясы үш деңгейдеде көрініс бергенін анықтады.

2022-2023 жылы


Қорытындылап айтқанда жоғары деңгейде – 10, орта деңгейде - 14, төмен деңгейде 0 оқушының көрсеткіштері анықталды.

2023-2024 жылы

Қорытындылап айтқанда жоғары деңгейде – 14, орта деңгейде - 13, төмен деңгейде 0 оқушының көрсеткіштері анықталды.

2024-2025 жылы

Қорытындылап айтқанда жоғары деңгейде – 16, орта деңгейде - 12, төмен деңгейде -0 оқушының көрсеткіштері сай болды.



5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін диагностикалаудың анықтамасы

Оқу жылы: 2023-2024

Зерттеу мақсаты: ауыспалы кезеңдегі оқушының жас және тұлғалық ерекшеліктерін бақылап, кездесетін сәтсіздіктерді болдырмаудың психология-педагогикалық жолдарын іздестіру;

Зерттеу кезеңдері:

Зерттеу бағдарламасын құру;

Сабақтарға қатысып, оқушыларды бақылау;

Сәйкестендірілген зерттеу әдістемелерін іріктеу;

Әдістемелерді өңдеу;

Сынып оқушыларымен толтырылған сауалнамаға келетін болсақ, мынадай жауаптарды көруге болады:

Мектепте сені көбінесе нелер қызықтырады? (екі вариантты белгіле)	
5 қазақ	
Оқушылармен қарым-қатынас	3
Баға алу	4
Қоғамдық жұмыс	3
Жаңа білім алу	9
Оқу процесі	1
Тағы басқа	

«Жаңа білім алу» варианты сыныпта да жоғарғы көрсеткіште болып тұр.

Саған қандай пәнді оқу қиын? Несімен?	
5 қазақ	
Ағылшын	9
Математика	2
Қиын емес	2
Тарих	2
Қазақ әдебиет	1
Орыс тілі	3

5 сыныпта қай пән ерекше саған ұнайды?	
5 қазақ	
Ағылшын	1
Математика	11
Жаратылыстану	1
Қазақ тілі	2
Музыка	3
Қазақ әдебиет	2
Орыс тілі	1

Қай пәннен үй тапсырмасын орындау қиын?	
5 қазақ	
Қазақ тілі, әдебиет	1
Математика	1
Орыс тілі	4
Ағылшын	8

Тарих	1
Еш қандай	2

5 сыныпта қандай қиындықтармен кездестің?	
Тест (ТЖБ) (БЖБ)	1
оқушылар, көп болуы	1
Ешқандай	6
Көп сабақ болуы	2
Ағылшын пәні	3
Матем	4
Онлайн сабақ	1

Қай сабақтардан 2 немесе 3 алып қаламын деген сезімі қорқыныш пайда болады?	
Ағылшын	8
Математика	2
Тарих	1
Орыс тілі	2
Ешқандай	4

Басқа балалар сенен жақсы оқиды деп ойлайсың ба?	
Ия	10
Жоқ	6
Білмеймін	2

Егер сен сабақты түсінбесең, ол жайлы мұғалімге айтасың ба?	
Ия	17
Жоқ	1

Зерттеу тақырыбы : «Социометриялық әдіс », 10 А сынып оқушылары Социометрия әдісі бойынша 10 сыныптар арасындағы оқушыларының қарым-қатынасын зерттеу жұмысының нәтижелері туралы қорытындысы Зерттеудің нәтижесі бойынша анықталғаны:

Оқу жылы	Оқушы саны	Лидерлер	Беделділер	Қабылданғандар	Шеттеп қалған оқушылар
2022-2023	14	2	4	8	0
2023-2024	13	1	3	9	0

Нәтижесінде: Сараптама нәтижесі бойынша оқшауланған (елеусіз немесе шеттеп қалған) оқушылар анықталған жоқ.

5 – 6 сынып оқушыларынан «Темпрамент тесті». Нәтижесі төмедегідей:
Оқу жылы 2022- 2023

	Темперамент	Қатысқан оқушы саны	Темперамент типтері
5 «А»	Холерик	19	2
	Сангвиник		7
	Флегматик		8
	Меланхолик		2
6 «А»	Холерик	20	0
	Сангвиник		11
	Флегматик		7
	Меланхолик		2

5 сынып оқушыларынан «Темпрамент тесті». Нәтижесі төмедегідей:
Оқу жылы 2023- 2024


	Темперамент	Қатысқан оқушы саны	Темперамент типтері
5 «А»	Холерик	27	8
	Сангвиник		9
	Флегматик		8
	Меланхолик		2

Зерттеу тақырыбы : «Социометриялық әдіс »,
Социометрия әдісі бойынша 6 және 8 сыныптар арасындағы оқушыларының қарым-қатынасын зерттеу жұмысының нәтижелері туралы қорытындысы
Зерттеудің нәтижесі бойынша анықталғаны:

Оқу жылы	сынып	Оқушы саны	Лидерлер	Беделді	Қабылданған	Шеттеп қалған оқушылар
2022-2023	6 а	19	3	4	12	0
2023-2024	8 а	20	4	6	10	0


Социометрия әдісі 2022-2023

6 А сынып



■ лидер ■ беделділер ■ қабылданғандар ■ шектелген

Социометрия әдісі 2023-2024 8 а сынып



■ Лидер
■ Беделді
■ Қабылданған
■ шектеп қалған

Нәтижесінде: Сараптама нәтижесі бойынша оқшауланған (елеусіз немесе шеттеп қалған) оқушылар анықталған жоқ.

Мақсаты: 9-сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығын анықтау мақсатында жұмыстар алынып қорытындысы шығарылды.

9 сынып	10 сынып оқимын	Басқа мектепке ауысамын	Колледжде оқимын	Жұмыс істеймін	Барлығы
2022-2023	10	0	5	0	15
Қорытынды	67%		33%		100%
2023-2024	3	5	5	0	13
Қорытынды	24%	38%	38%	0	100%

Кенес беру қызметі

Оқу жылы	Жалпы консультация саны	Консультациялардың сипаты Ақпараттық Мәселені шешу

	Оқушылар	Мұғалімдер	Ата аналар	Оқушылар	мұғалімдер	Ата аналар	оқушылар	мұғалімдер	Ата аналар
2022-2023	38	2	5	25	12	15	13	2	2
2023-2024	83	3	6	42	13	11	41	3	2

2022-2023 оқу жылы

[Педагог-психологтың жұмыс жоспары.pdf](#)

[Педагог-психологтың жұмысының таладуы.pdf](#)

[Кеңес беру журналы.pdf](#)

2023-2024 оқу жылы

[Педагог-психологтың жұмыс жоспары.pdf](#)

[Педагог-психологтың жұмысының таладуы.pdf](#)

[Кеңес беру журналы.pdf](#)

2024-2025 оқу жылы

[Педагог-психологтың жұмыс жоспары.pdf](#)

[Консультация журналы.pdf](#)

Педагог-психологтың жұмыс кестесінің орындалуы

№	Жұмыстың бағыты	Іске асыру жоспары	ссылка
1	Семинарларға, форумдар қатысу	Тәжірибе алмасу	https://www.instagram.com/reel/C57hk5fNsUS/?igsh=ZDgzN3ZrbGltNDVn
2	Буллинг. Кибербуллинг. Зорлық зомбылық	Түзету дамыту жұмыстары	https://www.instagram.com/p/C0Nt-gKob2r/?igsh=NjZ3MzJ5eHFueXY0 https://www.instagram.com/p/Cz28B9lts0w/?igsh=MWozanZybDdxdjY0Ng== https://www.instagram.com/p/CrInPD4NDLV/?igsh=MW9kYzFsOG43bWdlMQ==

			https://www.instagram.com/p/CrInPD4NDLV/?igsh=MW9kYzFsOG43bWdlMQ==
3	Аутизм күні «Мы все равны»		https://www.instagram.com/p/CrQUc1Lt_vK/?igsh=MTQxNTdpMmUwc3hxOQ== https://www.instagram.com/p/CrfNTgiNBBT/?igsh=aHNsMGo4YnJtMm5s
4	Емтихан дарға дайындық	9, 11 сынып тренинг Емтихан алдындағы үрейді жою	https://www.instagram.com/p/C52sVZaNBnr/?igsh=MXNjYXlkOXVyazdhcg== https://www.instagram.com/reel/C7VlAw4IqmZ/?igsh=MxFncnEwYjhqcWJxOQ== https://www.instagram.com/p/C3RsBtOtDYt/?igsh=YzAwMjlkNXM5MHA5
5	Тринигтер	1,5 сыныптаp	https://www.instagram.com/reel/DAkgMiYty9q/?igsh=Z3QzcTFnYXQybjJ5 https://www.instagram.com/reel/C_hvGvRN9p_/?igsh=aXEwcnV3dXM3anZr https://www.instagram.com/p/C3zRBDmtzZV/?igsh=cW15ZnM4bHE4MzBm https://www.instagram.com/reel/C6_aQuItwef/?igsh=MWN6d2RjN242bzQ1OA==
6	Психология апталығы	психологиялық алдын алу және ағарту жұмыстары	https://www.instagram.com/reel/C036ELrtoUB/?igsh=MWt4bW01Y3c3eW4waQ==

4. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік – эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру.

Сабақтан тыс жұмыс – бұл оқушылар ұжымы мен оқушылардың өзін-өзі басқару органдарын құру мақсатында сыныпта, оқушылар мен сынып жетекшісі арасында тұлға аралық қатынастарды ұйымдастырудың жақсы мүмкіндігі.

Қазіргі уақытта екінші буынның жаңа стандарттарына көшуге байланысты сабақтан тыс іс-шаралар жетілдірілуде. Сабақтан тыс іс-әрекеттің дұрыс ұйымдастырылған жүйесі-бұл әр оқушының танымдық қажеттіліктері мен қабілеттерін мүмкіндігінше дамытуға немесе қалыптастыруға болатын, еркін тұлғаны тәрбиелеуді қамтамасыз ететін сала.

Сабақтан тыс жұмыстарға бөлінген сағаттар оқушылардың қалауы бойынша қолданылады және оны ұйымдастырудың сабақ жүйесінен басқа әртүрлі формаларын жүзеге асыруға бағытталған. Сабақтарда жетекшілер оқушылардың ұйымдастырушылық, шығармашылық, музыкалық қабілеттерін ашуға тырысады, бұл жасөспірімдердің рухани дамуында маңызды рөл атқарады. Сыныптан тыс жұмыстар әр оқушыға өзінің бірегейлігі мен қажеттілігін сезіну үшін бағыттайды.

Сабақтан тыс қызметтің сегіз бағыты оның 9 түрінде жүзеге асырылады:

- 1) ойын әрекеті;
- * 2) танымдық қызмет;
- 3) проблемалық-құндылық байланыс;
- 4) бос уақыт-Ойын-сауық қызметі (бос уақыт қарым-қатынас);
- * 5) көркем шығармашылық;
- 6) әлеуметтік шығармашылық (әлеуметтік ерікті қызмет);
- * 7) Еңбек (өндірістік) қызметі;
- * 8) спорттық-сауықтыру қызметі;
- * 9) туристік-өлкетану қызметі

Сабақтан тыс іс-әрекет нысандары:

Оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетінің түрлері мен бағыттары бір-бірімен тығыз байланысты.

Спорттық-сауықтыру бағыты баланың толыққанды физикалық және психикалық денсаулығына жағдай жасайды, оған гигиеналық мәдениетті игеруге, салауатты өмір салтын ұстануға, қатаю мен дене шынықтыру әдетін қалыптастыруға көмектеседі.

Жетекші қызмет түрлері:

- * Спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру жалпымектептік іс-шаралар: мектептік спорттық турнирлер, жарыстар, денсаулық күндері
 - * Таңғы жаттығу, сабақтардағы дене шынықтыру минуттары, таза ауада серуендеу және сауықтыру өзгерістерін ұйымдастыру
 - * Санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын бақылау
 - * Қауіпсіздік техникасы бойынша бұрыштарды безендіру, нұсқамалар өткізу
- Рухани-адамгершілік бағыттың мақсаты балалардың әлемдік және отандық мәдениеттің рухани құндылықтарын игеруі, оларды адамгершілік өмір салтын дербес таңдауға дайындау, гуманистік дүниетанымды қалыптастыру, өзін-өзі

жетілдіруге ұмтылу және рухани құндылықтарды өмірлік тәжірибеде іске асыру болып табылады.

Жетекші қызмет түрлері:

- * Әңгімелер, адамгершілік және рухани-адамгершілік мазмұндағы ойындар
- * Қолөнер және балалардың шығармашылық өнерінің барлық түрлері
- * Мектеп пен қоғамның бірлескен мерекелерін өткізу
- * Экскурсиялар, мақсатты серуендер
- * Балалар қайырымдылығы
- * Көрмелер ұйымдастыру (балалар мен ата-аналардың бірлескен қызметі)

Әлеуметтік бағыт балаларға әртүрлі іс-әрекеттерді игеруге көмектеседі: еңбек, ойын, өнер, моторика, белсенділікті дамыту және Тәуелсіздік пен шығармашылыққа деген ұмтылысты ояту.

Жетекші қызмет түрлері:

- * "Мектеп аумағын абаттандыру" жобасы аясындағы жұмыс
- * Мектепті көгалдандыру бойынша жұмыс
- * Сыныптарда кезекшілікті ұйымдастыру
- * Кәсіби бағдар беру сұхбаттары, түрлі мамандық өкілдерімен кездесулер
- * Қолөнер және балалар шығармашылығы көрмелері
- * Еңбек десанттары, сенбіліктер
- Сюжетті-рөлдік ойындар

Жалпы мәдени іс-әрекет балаларды әлемге мейірімді, ұқыпты, қамқор қарым-қатынасқа, белсенді өмірлік ұстанымды, көшбасшылық қасиеттерді, ұйымдастырушылық дағдыларды қалыптастыруға бағыттайды.

- * Мұражайларға, кітапханаларға, көрмелерге бару.
- * Сынып және мектеп деңгейіндегі концерттер, қойылымдар, Мерекелер
- * Көркем шығармашылық үйірмелері
- * Мектеп пен сыныпты мерекелік безендіру

Жалпы интеллектуалды бағыт балаларға қоршаған әлемді танудың әртүрлі тәсілдерін игеруге, танымдық белсенділікті, қызығушылықты дамытуға көмектеседі.

- * Викториналар, танымдық ойындар
- * Балалардың ғылыми жобалары
- * Танымдық бағыттағы мектептен тыс акциялар(олимпиадалар, оқушылар конференциялары, зияткерлік марафондар)
- * Пәндік апталар, Мерекелер, Білім сабақтары, байқаулар

Мектептің тәрбие қызметінің барлық жүйесі "Жас Қыран" «Жас Ұлан» Өзін-өзі басқару ұйымдары бойынша оқушылардың өз бетінше әрекет ететін, өзін-өзі басқаратын бірлестігін жандандыруға бағытталған. Мектептің педагогикалық ұжымы балалардың бастамасын, дербестігі мен жауапкершілігін дамытуға үлкен көңіл бөледі.

"Жас Қыран" «Жас Ұлан» балалар ұйымының жұмысы кешенді тәрбие бағдарламасы бойынша барлық бағыттар жүргізіледі, ұйымдардың әнұраны, елтаңбасы бар. Кіші сынып оқушылары жасқырандықтардың заңдары бойынша өмір сүреді және жұмыс істейді. Әр сыныптың атауы, ұраны, жұмыс жоспары бар. Жыл сайын оқушылар "Жас Қыран"балалар-жасөспірімдер

ұйымына белсенді түрде қатысады. Үлгілі тәртібімен жақсы оқығаны үшін жылын 3 рет «Жас қыранға», «Жас ұланға» қабылдау болады

«Жас Ұланның» мақсаты:

өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген күштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

Жас Ұланның міндеттері:

- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;
- балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;
- танымдық жұмыстарды ынталандыру;
- балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;
- жауапкершілік мен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Жас Ұлан келесі қызметтерді атқарады:

- тәрбиелік;
- танымдық;
- коммуникативтік;
- әлеуметтік;
- ақпараттық;
- шығармашылық.

“Өзін-өзі басқару” ұйымының негізгі бағыттары

1. «Отан» – Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
2. «Руханият» – рухани тәрбие.
3. «Салауат» – салауатты өмір салтын ұстану.
4. «Эко әлем» – экологиялық жобаларды жүзеге асыру.
5. «Зерде» – ғылыми бағыт.
6. «Жеті жарғы» – балалардың құқықтық сауаттылығын арттыру.
7. «Еңбек» – еңбекке баулу

Парламенттің мақсаты

білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері

білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру.

ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру

әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту

Мектеп парламенті : құрылымы

ҚР БҒМ бала өкәлеттілігі

Қамқорлық (еріктілік) фракциясы (кабиент, комитет және т.б)

Құқық және Тәртіп фракциясы (кабиент, комитет және т.б)

Ақпарат және баспа фракциясы (кабиент, комитет және т.б)

Спорт және сөс фракциясы (кабиент, комитет және т.б)

Бақыт фракциясы (кабиент, комитет және т.б)

Мәдениет және дебаттық қозғалыс фракциясы (кабиент, комитет және т.б)

өзін-өзі тану фракциясы (кабиент, комитет және т.б)

экология және еңбек фракциясы (кабиент, комитет және т.б)

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

адал, мейірімді және белсенді тұлғалардың тәрбиелі жас ұрпағы қоғамдық (балалар мен жастар) сананы трансформациялау мен жаңғыртуда оқушылар мен студенттердің өзін-өзі басқару органдарының мәртебесі мен рөлін арттыру

білім алушыларды қызығушылықтары бойынша жобалық қызметке тарту барлық деңгейлердегі бюджеттерден тұрақты және жүйелі қаржыландыру Олжабай батыр ауылының жалпы білім беретін мектебінің «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының күнтізбелік жоспары бекітілді. Адал ұрпақ клубына 10 оқушы қабылданды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихаттау жұмыстарын жүргізіп, мәліметтік мәні бар азамат және мемлекет арасындағы қарым – қатынастардың мәні, құқықтар мен міндеттер жайлы парақшалар таратылды. «Парасатты азамат» бұрышы жабдықталып, онда құнды ақпараттар жинақталды.

Мектептің бірінші қабатында «Адалдық дүкені» ашылды.

Мақсаты: Оқушыларды Ар ұят, абырой, жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлу.

Адал ұрпақ клубының :

Мақсаты: Ар ұят, абырой, жауапкершілік, адалдық пен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлу. Патриотизм. Отан үшін мақтаныш, қоғамдық тәртіпке құрмет. Осы жас тобындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеудің негізгі міндеті құқықтық сананы қалыптастыру.

Құндылықтары: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу жүйесінің басты міндеті сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымды қалыптастыру болып

табылады. Мәңгілік Ел идеологиясынның «түпқазығы» жалпы азаматтық құндылықтарын кеңінен насихаттау.

Нәтиже: Қоғамға ашық және есеп беретін мемлекет қалыптастыруға бағытталған міндеттерді шешу барысындағы Қазақстанның жетістіктерін паш ету, құқықтық мемлекеттің жұмыс істеуінің базалық принциптері туралы және біздің елімізде құқықтық мемлекет қалыптастырудың ерекшеліктерін білгізу

№	Адал ұрпақ клубының мүшелері:	Сынып
1	Тұрсынбекұлы Жанболат	5
2	Глеубекқызы Дина	9
3	Нүсіпхан Айзере	5
4	Оразова Аяулым	9
5	Сабырова Айлана	7
6	Алтайқызы Мауе	9
7	Альмағамбетова Сандуғаш	7
8	Белан Эдуард	7
9	Валтер Ильдар	7
10	Ұшқын Мөлдір	8

«Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылды. Оқушыларға адалдық қасиетін бойларына дарыту, адамгершіліктің бір парасы – адалдық туралы түсініктерін кеңейту мақсатында 8-9 сыныптар арасында өткізілді.

Адамгершілік және құқықтық тәрбие бағытындағы тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

«Бақытты ана-бақытты бала-бақытты отбасы-бақытты ел» тақырыбында балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселесі бойынша отбасылық клубының ата - аналармен кездесуі.

«Қоғамдық тәртіп негіздері» пікірталас «Сыбайлас жемқорлықсыз мемлекет қандай болады?» 8-9 сыныптар арасында ұйымдастырылды. Адал ұрпақ еріктілер клубының жоспарлы отырысында оқушылардың назарына адал еңбек ету керектігі, еңбек түбі-береке екені айтылды. «Жемқорлық дегеніміз не?», «Жемқорлықтың қалай алдын алуға болады» сынды тақырыптарда әңгіме қозғалып, өз ойларын еркін жеткізіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы екендерін білдірді.

«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» оқушылар арасындағы сурет сайысы ұйымдастырылды.

Адал ұрпақ клубының мүшелерінің ұйымдастыруымен «Біз жемқорлыққа қарсымыз!» атты флешмоб жоғары дәрежеде өткізілді.

Балалар жылына арналған Адал ұрпақ ерікті мектеп клубтарының слетінде мектебіміздің болашақ командасы 2 орынға ие болды.

Адал ұрпақ клубы мүшелерінің ұйымдастыруымен өткен «Өз құқығыңды білесің бе?» атты дөңгелек үстел барысында бейнерөліктер көрсетіліп, балалардың құқықтары мен міндеттері туралы сөз қозғалып, ситуациялық сұрақтар талқыланды.

Дебат пікірсайыс қозғалысы

«Пікір - сайыс – сөз додасы» - білім беру бағдарламасы білімнің гуманитарлық жүйесін нақты көздейтін жаңа бағыттағы үйірме. Оқушылар мен ұстаздарды да пікір-сайыстарға араластыруға, өз бетімен ізденуге, білім алу және жалпы шығармашылық белсенділігін арттыруға көзделген. Пікір-сайыстарға дайындық барысында оқушылар белгілі – бір тақырып бойынша мәлімет жинастырып, оларды қарама – қарсы бағыттарды қолдайтын екі түрлі позицияға арналған жоспарға топтастырылады. Олар жақтау және даттау топтарының кейстері. Осының нәтижесінде оқушылар кез-келген мәселеге біржақты көзқараста болудан арылып, терең, сын тұрғысынан оқушыларды, сонымен қатар парламент мүшелерін (класс оқушыларын) бөлудің әртүрлі жолдарын қарастыруға болады. Мысалы: психологиялық тренинг, сергіту, ойын элементтері арқылы, екінші СТО элементі жуан, жіңішке стратегиясы арқылы сұрақ жетегімен бөлуге болады. Жалпы пікір- талас, талқылау, дискуссия, диалог, бір мәселені көпшіліктің талқысына салу ақиқатқа жетудің ең кең тараған және оң нәтиже бере алатын формасы болып табылады. Алайда бұның да өз қыр-сырлары көп. Ең алдымен ол пікір-сайыстыратын мәселенің күрделілігі, кез-келген мәселе бойынша біріміз ақиқат деп білетін нәрсе басқаға мүлде олай емес. Пікір – талас барысында адамдар ортақ мәселе жайлы өз пікірлерін ортаға салады, олардың әр түрлі болуы заңды, пікір сайыстар арқылы тараптар ой бөлуге, өз көзқарастарының кемшіліктерін ашып, оларды ұштауға, кемелдендіруге мүмкіндік алады.

Дебат пікірсайыс қозғалысының мақсаты: Заман талабының сұранысына саласы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру. Мектеп оқушыларын үйірмеге тарту. Мектепшілік пікір - сайыс турнирлерін ұйымдастру, үздіктерді анықтап, ынталандыру. Мектеп намысын қорғайтын үздік оқушыларды анықтау. Мектеп оқушыларын мектепаралық, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру, тәжірибе алмасу арқылы үздік нәтижелерге қол жеткізу.

Қысқасы, ақиқаттың ең озық таразысы көзқарастар бәсекесі

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру. Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау;

Талантты жастарды ынталандыру;

Мектеп оқушылары арасында пікір-сайыстың деңгейін көтеру;

Мектеп оқушыларының сын тұрғысынан ойлауын дамыту;

Өз Отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрмет тұтып, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру

Оқушылардың жауапкершілігінің және танымдық қабілеттерін түрлі пікірталастар арқылы ортаға салу

Оқушыларды коммуникативтілікке, сөйлеу мәдениетіне, сөз өнеріне, тұжырымды ойын дәлелдей білуге баулу

Оқушының өзін – өзі тәрбиелеуіне, өзін жіне өзгені бағалай білуге үйрету

Сұлулықты түсіне білуге, өз Отанына, атамекеніне деген патриотымыз.

Білікті, оқу – тәрбие беру.

Мектептің үздік оқушыларын анықтап, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру.

Нәтижесінде

Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану;

Пікірсайыс арқылы белсенді азаматтық позициясы бар, жаңарған қоғамның жаңа азаматтары тәрбиеленеді.

Басқа адамдардың көзқарастарымен санаса алатын озық ойлы азаматтардың қатарын көбейту;

Жастарды өз бетімен білім алуға, ізденуге дағдыландырады;

Жастардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасауларына, пікір алмасуына, қарым-қатынас диалогін орнатуға мүмкіндік туғызады.

Саяси сана сезімі, қоғамға көзқарасы ерекшеленеді

Оқулық арқылы берілетін әдеби құндылықты терең меңгереді

БАҚ құралдарын, кітапхана оқулықтарынан қажетті мәліметті ала алады

Жұрт алдындағы сайыстарға еркін қатысады

Заман талабына сай туындаған жастардың өзекті мәселерін талқылап оның шешілу жолында үздік ұсыныстар дайындау.

"Дарын" пікір-сайыс клубының құрамы. Жетекшісі: Кабдышева А.К

№	Аты-жөні	Сыныбы
1	Мауленбекқызы Шынар	7 «А»
2	Нұрмұратқызы Шолпан	7 «А»
3	Бейсенова Самира Азаматовна	8 «А»
4	Джанатова Жания Канатовна	8 «А»
5	Тұрғын Ақбота	8 «А»
6	Ұшқын Мөлдір	8 «А»
7	Хожабай Нұрай Балжанқызы	8 «А»
8	Алтайқызы Мәуе	9 «А»
9	Бапарұлы Жанболат	9 «А»
10	Дүйсенбекұлы Мейірбан	9 «А»
11	Оразова Аяулым Темирбекқызы	9 «А»
12	Тилеубек Дина	9 «А»
13	Темірбай Диана Мұхаметғалиқызы	9 «А»
14	Унайбеков Елнур Ержанович	9 «А»
15	Хожабай Жансая Батыржанқызы	11 «А»

Сыныптан тыс жұмыстардың барлығы мұқият жоспарланған және жақсы ұйымдастырушылық және көркемдік деңгейде өтіп, әр жасалған жұмыстан кейін талдау жасалады. Сонымен қатар біздің мектептің оқушылары «Дойбы», «Валейбол» «Асық» секцияларына қатысады. Аудандық сайыстарда 2-3 орындарға ие болуда. "Үстел теннисі," -2 орын Асық 3 орын", соның қорытындысы бойынша, ауданда жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

Тәрбие жұмысындағы біртұтас бағдарламының барлық құндылықтары тәрбие іс - шараларының жаппай болуымен бірге тәрбиеге жеке тұлғаға бағытталған көзқарасты жүзеге асыруға және тәрбие жұмысының барлық аспектілерінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ынталандыруға мүмкіндік береді. Әр түрлі іс-шаралар көптеген балаларды әртүрлі іс-шараларға тартуға мүмкіндік береді, бұл олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Тәрбиелік іс-шараларды өткізу формалары әртүрлі: тақырыптық кештер, тақырыпқаа сай адамдармен кездесулер, слайд-шоу, презентациялар, әдеби-сазды кеш, мерекелер, фестивальдар, дәрістер, акциялар, челленджер және т. б. Мектептің білім беру жүйесі бүкіл педагогикалық процесті қамтиды, оқу сабақтарын, балалардың сабақтан тыс өмірін, мектептен тыс әр түрлі іс - шаралар мен қарым-қатынасты, білім беру кеңістігін үнемі кеңейтетін әлеуметтік, табиғи, пәндік-эстетикалық ортаның әсерін қамтиды.

Біздің мектептің тәрбие жүйесі бала тұлғасының бейімділіктері мен қабілеттерін дамыту және іске асыру үшін жағдай жасайды.

Тәрбие жұмысының бағыттарын жүзеге асыру:

- оқыту мен тәрбиелеудің органикалық бірлігі, оқытудың инновациялық технологияларын енгізу және халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес білім беру жүйесін жетілдіру.

- оқушы тұлғасын жан-жақты дамытудың әр түрлі сыныптан тыс түрлерін дамыту;

Мектептегі білім беру жүйесін модельдеуде білім беру жүйесін дамытудың төрт кезеңге бөлуге болады.

Білім беру жүйесін дамытудың бірінші кезеңі-мақсатты параметрлер қалыптасатын, білім беру процесін ұйымдастыруда негізгі бағыттар жасалатын, мектептегі білім беру жүйесінің тұжырымдамасы қалыптасатын қалыптасу кезеңі.

Екінші кезең, жүйе аяқталған кезде: әр компонент өз орнын алады, жүйелік байланыстар күшейеді. Мектеп ұжымы ортақ мақсат, ортақ іс-әрекет, ортақ жауапкершілікпен біріктірілген балалар мен ересектер қауымдастығы ретінде біртұтас әрекет етеді.

Үшінші кезең-жүйені жаңарту және жетілдіру: мақсаттар күрделене түседі, мазмұны әр түрлі болады, қатынастар тығыз болады, ұйымдастырушылық және басқару процестері күрделене түседі.

Осылайша, білім беру жүйесінің тиімділігінің басты критерийі нәтиже болады-оқушы мен мұғалімнің жеке басын дамыту және өзін-өзі көрсету.

Бүгінгі таңда жеке тұлғаның дамуына мақсатты және тиімді ықпал ете алатын компоненттердің реттелген тұтас жиынтығы ретінде тәрбие жұмысының жүйесін құрмай, мақсатқа жету, міндеттерді шешу мүмкін емес.

Біздің мектепте "оқушы және оның адамгершілігі" бағытын жүзеге асыру сыныптан тыс жұмыстың келесі түрлері арқылы жүзеге асырылады:

- тақырыптық сынып сағаттары; адамгершілік тақырыбы бойынша пікірталастар; мейірімділік сабақтары;
- театр қойылымдары мен кинофильмдерді көру;
- экскурсиялар, ауылдың, ауданның, республиканың тарихи және ескерткіш орындарымен танысу;
- іздеу жұмыстары, мұражай құру;
- мектептегі қамқорлық жұмысы;
- сыныптастар, педагогтар, ардагерлерді құттықтаулар;
- "Білім күні", «Отбасы күні» "Қарттар күні", "Мұғалімдер күні", «Алғыс айту күні» "Аналар күні", "8 Наурыз", «Отан қорғаушылар күні», "Жеңіс күні", "Соңғы қоңырау", "Балаларды қорғау күні" және т. б. Мерекелер.
- адалдық сағаттары;
- "мейірімділік", "Ардагерлерді ардайық!" акциялары;
- челленджер мен жобалар

Дене шынықтыру-сауықтыру бағыты және қауіпсіздік негіздері. "оқушы, оның қауіпсіздігі және денсаулығы"

Басты мақсаты:

Білім алушыларда өзін-өзі растау үшін денсаулықтың маңыздылығын түсінуді қалыптастыру.

1. Оқушыларды адамның өз денсаулығына ұқыпты қарау салт-дәстүрлерімен таныстыру;
2. Оқушылардың өз денсаулығын сақтау мәдениетін қалыптастыру үшін жағдай жасау;
3. Оқушылардың ерлер мен әйелдердің денсаулығына табиғаттың баға жетпес сыйы ретінде көзқарасын қалыптастыру;
4. Оқушыларға өз жетістіктері мен денсаулығын сақтау бойынша күш-жігерін көрсетуге мүмкіндік жасау;
5. Дене шынықтыру және спортпен шұғылдану арқылы оқушылардың жаман әдеттерін жеңуге ықпал ету.

Іске асыру нысандары:

- * дене шынықтыру және спортпен байланысты тақырыптар бойынша әңгімелер, ойындар, пікірталастар;
- * спорттық жарыстар мен жарыстар;
- * Туризм күні, Денсаулық күні;
- * ашық ойындар;
- * көктемгі және жазғы сауықтыру және мектеп алды лагерлері;
- * спорттық бағдарлау конкурстары;
- * "Спорт – зиянды әдеттерге балама" акциясы;
- * "Біз спортты жақсы көреміз" суреттер байқауы;
- * сынып сағаттары "жаман әдеттерден аулақ бол!";
- * ЖҚЕ, ӨҚЕ ережелерін, электр қауіпсіздігін зерттеу бойынша сынып сағаттары;

